

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІН ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН
САЛҒАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

Умашева Айнуր Молдағалиевна

ainurdan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 8D02305 – «Филология»
мамандығының 1-курс докторанты Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Жақыпов

«Өр» етістігі – түркология, алтайтану саласындағы зерттеулерде, этимологиялық сөздіктерде жиі қарастырылатын сөздердің бірі [1, 388], [2, 66], [3, 101]. Бұл сөзден бастау алатын өр, өркен, өрлеу, өрбу, өре, өрекуп, өрелі, өріс, орын, орғу, өршу, Орал, өрен, өркеш т.б. туынды сөздер этимологиясы әлі де зерттеп, талдауды қажет етеді. Осы қатардағы кей сөздердің этимологиясының көмескіленуі жалпы семантикалық даму процесі тұрғысынан қарастырғанда айқынырақ көрінеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «өр» етістігін этимологиялық тұрғыдан салғастыру диахрониялық параллель жүргізу арқылы осы түбірден туған сөздердің этимологиясын айқындауға ықпал етеді. Екі түрлі тілдік топтағы түбірлес сөздердің бар екенін тек кірме сөздер, сөз ауысу тұрғысынан ғана қарастырып қоймай, ол ортақ түбірдің болу себебін ашу жаңа зерттеулердің керектігін көрсетеді.

Ағылшын тіліндегі келесі сөздердің этимологиясын қарастырып көрейік.

Origin (зат есім) сөзі ағылшын тілінде шыққан тегі, пайда болуы, бастауы, көзі, қайнар көзі, ағаштың тамыры, бірінші себебі т.б. мағыналарды білдіреді. Этимологиясын қарастырсақ, XV ғасырдан белгілі деректер бойынша, Латыннан *originem*, *origo* «ата-тегі, нәсіл» өсу, бастауы, шығу тегі, туу», *oriri* «тамырынан өсу, тұру, көтерілу, тұру; көкжиектен асу, көріне бастау; туылу, ұрпақ болу, жан біту»; бейнелі түрде «шығу, бастау алу, жалғастыру, бастау» (өзендердің, қауесеттердің, т.б.), прото-үндіеуропалық түбірі **heri-* «көтерілу» (хетт тіліндегі *arai* «тұру, көтеру, өсу», санскриттегі *iyarti* «қозғалысқа келу, жылжу», армян *u-arnem* «тұру» сөздерінің түбірі) сөздерінен бастау алады [5].

Қарастырылып отырған сөзбен түбірлес ағылшын тілінде мынадай сөздер бар: *originate* (туындау, жасау), *original* (оригинал, түпнұсқа), *aborigine* (жергілікті халық, түземдіктер).

Aborigine (зат есім) абориген, «бір елде немесе аймақта ерте кезден болған адам, жануар немесе өсімдік», латын аборигендерінен шыққан «алғашқы тұрғындар», әсіресе Латий, демек «римдіктердің алғашқы ата-бабалары»; соңынан рулық атау болуы да мүмкін немесе латынның *ab origine* тіркесіне сәйкес жасалған немесе сөзбе-сөз аударылып, «бастапқыдан» дегенді білдіреді [5].

Бұл *ab* «өшіру, алыстау» (аб-); және *origo* сөзінің «өсу, бастау, бастау, бастау; шығу тегі, тегі, туу, *oriri* түбірінен «тұру, өрлеу; туылу, өмірді қабылдаңыз» (жоғарыда келтірген *origin* қараңыз) бірігуінен жасалған.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі өр сөзінің қатысуымен жасалған өркенің өссін, ұрпақ өрбіту, тауға өрлеу, өрге шығу, індеттің өршуі, өркен жаю, өре түрегелу, өрісі кеңу т.б. тіркестердегі өр сөзінің қолданылуы, берер мағынасы ағылшын тіліндегі *origin* сөзінің мағынасымен сәйкес келеді. Екі түрлі топқа жататын тілдердегі бұл сөздердің семантикалық және фонетикалық, тұлғалық жағынан ұқсастығы бұл сөздердің бір түбірден шығу ықтималдығын көрсетеді.

Келесі ілу, алу етістіктерін салғастырарда, Е.Қажыбековтың бұл екі етістікті параллельдер деп қарастырғанын атап өтеміз [2, 230]. Қазақ тіліндегі бұл түбірден тараған туынды сөздер: тіл, ілекер, ілесу, ілік, алу, алақан, елеу, елек т.б.

Бұл сөздерді ағылшын тіліндегі баламаларымен салғастыру үшін олардың этимологиялық бастауы болатын, өнімді болып саналатын *-leg түбірін қарастырайық. Прото-үндіеуропалық *-leg түбірі «жинау, алу, теру» деген мағынаны білдіреді, «сөйлеу үшін сөздерді теру, сөзді іріктеу» ұғымы бойынша көптеген сөздердің «сөйлеу» мағынасындағы түбірі болып есептеледі.

Келесі сөздердің мағыналарын *-leg түбірі толық береді немесе олардың мағынасының бір бөлігін құрайды: alexia (алексия); analects (аналект); analogue (аналог); analogy (ұқсастық); anthology (антология); apologue (кешірім); apology (кешірім сұрау); catalogue (каталог); coil (орам); colleague (әріптес); collect (жинау); college (колледж); collegial (алқалық); delegate (делегат); dialect (диалект); dialogue (диалог); diligence (ынта); dyslexia (дислексия); eclectic (эклектика); elect (таңдау); election (сайлау); epilogue (эпилог); ideologue (идеолог); intellect (интеллект); lection (лекция, дәріс); lector (лектор); legal (заңды); legend (аңыз); legion (легион); lesson (сабақ); lexis (лексика); ligneous; logarithm (логарифм); logic (логика); logistic (логистика); loyal (лоялды); monologue (монолог); neglect (немқұрайлылық); neologism (неологизм); philology (филология); privilege (артықшылық); prologue (пролог); select (таңдау); syllogism (силлогизм); tautology (тавтология); trilogy (трилогия) және т.б.

*-leg түбірінің болуының болжалды мысалдары: грек *legein* «айту, жариялау; санау», латынша *legere* «жинау, таңдау, жұлу; оқу», *lignum* «ағаш, отын», сөзбе-сөз «жиналған нәрсе», *legare* «билік беру, тапсыру», *lex* «заң» (мүмкін «ережелер жинағы»); албанша *mb-ledh* «алу, жинау», готикалық *lisan* «жинау, жинау», литвалық *lesti* «теру, теріп жеу»; хеттше *less-zi* «теру, жинау» [4].

Бұл тұрғыдан қазақ тіліндегі *көзге ілмеу, елемеу, ішіндегі іліп алары, таңдап алу, елеу, елек, (т)іл, іліп кету, електен өткізу, ілекерге жарару, құлағына ілу, елеулі* сөздері мен сөз тіркестерінің семантикасы беретін ортақ мағына *-leg түбірі қамтитын жоғарыдағы мағыналармен сәйкес екенін көреміз.

Қазақ тіліндегі кей кірме сөздер – осы түбірден тараған сөздер. Ол сөздер бастапқы мағынасын жоғалтпай, тілімізде сол мағынаны білдіретін өз сөздерімізбен қатар, термин түрінде қолданылып жүр. Осыған мысал бола алатын, аталған түбірден шыққан сөздің бірі – election (зат есім) «сайлау», XIII ғасырдан *eleccioun*, лауазым атқару үшін біреуді «таңдау актісі», «лауазымын көтеру» (бір адам немесе сайлаушылар органы болсын); сондай-ақ «таңдаушылар органының белгіленген тәртіппен дауыс беруі; мұндай дауыс берудің уақыты мен орны», ағылшын-француз тілінен *eleccioun*, ескі французша *elecion* «таңдау, сайлау, таңдау» (XII ғ.), латын тілінен *electionem* «таңдау», *eligere* «теру, таңдау», *ex* «тыс» + *-ligere* «таңдау» [5]. Қазір тілімізде орыс тілі арқылы еніп, *электорат* болып қолданылып жүр. Мағынасы – үміткерді таңдап алушы, сайлаушы.

Сондай-ақ, *elect* «таңдау», *elective* «таңдаулы, факультативті пән» *elector* «таңдаушы», *elected* «таңдалған», *electable* «таңдауға лайық» т.б. түбірлес сөздер де тілімізде ішінара термин ретінде қолданыста.

Құрылымы жағынан осы сөзге ұқсас келесі сөз – collect (етістік) «жинау, бір жерде немесе топта жиналу». Ескі французша *collector* «жинау» (XIV ғасырдың аяғы), латын тілінен алынған *collectus*, *colligere* «бірге жиналу», ассимиляцияланған формасы *com* «бірге» + *legere* «жинау» [5]. *Com* «бірге» құрамдас бөлігінің қазақ тіліндегі баламасы қазіргі *қос, көп* сөздері түрінде сақталған. Ол туралы төменде сөз қозғалады.

Collect сөзінің тобындағы түбірлес сөздер: *collected* «жиналған, жинақы», *collection* «коллекция, жинау, топтама», *collective* «коллектив, ұжым, жалпы, колхоз», *collector* «коллекционер, коллектор, жинаушы» *recollect* «еске түсіру, естелік», *collecting* «жинау,

коллекциялау, жинаушы, біріктіруші», *collectable, collectible* «коллекцияланатын зат, жиналатын нәрсе».

Аталған түбірден шығатын *select* (етістік) «таңдау» сөзі латын тілінен *selectus, seligere* «таңдау, бөлектеу, бөлу», *se-* «бөлек» + *legere* «жинау, таңдау». «Таңдалған адам немесе зат, таңдау» дегенді білдіретін мағынасы XXVI ғасырдан сақталған [5]. Осы сөз тобына жататын келесі сөздердің кейбірі қазақ тілінде термин ретінде қолданылып жүр: *select* «таңдау, бөліп алу, таңдаулы», *selected* «таңдалған, таңдаулы», *selection* «таңдау, бөлу, үйлестіру, селекция», *selecting* «таңдайтын, бөліп алатын», *selectness* «таңдамалылығы», *selector* «таңдаушы, бөлуші, селектор».

Com «бірге» құрамдас бөлігіне оралсақ, бұл сөзжасамдық элемент латыннан аударғанда «бірге» дегенді білдіреді, классикалық латын архаикалық *cum* түрі «бірге, қоса», прото-үндіеуропалық түбірі - **kom* «қасында, жанында, жанында, бірге» (көне ағылшынша, германша *ge-*). Латын тіліндегі префикс кейде күшейткіш ретінде қолданылған. Дауысты дыбыстар мен аспираттар алдында *co-*ға дейін қысқарады; *-g-* алдында *cog-* немесе *con-* болып өзгереді; *-l-* алдында *col-*ға; *-r-* алдында, *co-*ға; *-c-*, *-d-*, *-j-*, *-n-*, *-q-*, *-s-*, *-t-* және *-v-* алдында *con-*ға өзгереді, жиі қолданылғандықтан соңғы түрі қалыпты формасы ретінде қабылданған [5].

Қазіргі қазақ тілінде бұл сөзбен төркіндес көбею, қосу мағыналы сөздер мыналар: *қор, көп, қосу, қос, құмпи қомпи, қампи, қомпи, қобы, қорби, қобырай, көпір, қонар, екі, егіз, күпті, күп болу, қона, көпшік, көбік* т.б.

Бұл орайда «...**көпір= *Көпір=* ИЕ құрамынан жорамалданып бөлінетін **көп=* түбірі дербес қолданылмайды және осы мағынада қандай да бір түбірмен бірікпейді. Ол тек етістік негіздердің қатарында ғана емес (*көпси=, көпір=*), сондай-ақ есім негіздердің құрамында кездеседі: *көбік, көбек, көпір, көпшік*. **Көп* түбірінің сөзжасамдық қатарынан «көпіру», «жоғарыға көтерілу» сияқты жалпы мағынаның сұлбасы байқалады.» деген пікір бар [3, 97].

Жоғарыда келтірілген сөздердің этимологиясы кеңірек талдауды қажет етеді. Қазақ тілі этимологиясындағы ондай талдаулар екі тіл лексикасын салғастыруда сәйкес сөздерді анықтауда маңызды негіз болады.

Терминология саласында да жоғарыдай түбірлес сөздерді тауып, талдау маңызды. Терминді қазақ тіліне аудару немесе баламасын табуда терминдік сөздердің этимологиясын білу және салғастыру діл, тілге қонымды нұсқаны анықтауға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969.
2. Кажибеков Е.З., Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014.
4. Кайдаров А. Т., Структура односложных корней и основ в казахском языке – Павлодар, 2010.
5. Электронды ресурс <https://www.etymonline.com/>

ӘОЖ 85.03(5 Қ)

ПРОЗАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМДІ ДАМУШЫ (БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕЕВ ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Уранова Сәния Сайрановна

asya_2309@mail.ru

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 4 курс студенті